

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ
инвестициялық стратегиясы**

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің хаттамасымен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар (күні, нөмірі):

№	Өзгерістер, толықтырулар енгізілді	Бекітілген күн	Хаттама №
1	Хаттама	«24» сәуір 2026 жыл	№ 5
2	Хаттама	«___» _____ 20__ жыл	№ ____
3	Хаттама	«___» _____ 20__ жыл	№ ____
4	Хаттама	«___» _____ 20__ жыл	№ ____

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің
20__ жылғы «___» _____ №__ хаттамасымен күші жойылды деп танылды.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ инвестициялық стратегиясы	2-бет 6-дан
---	---	----------------

1-тарау. Жалпы ережелер

1.1. Осы «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ инвестициялық стратегиясы (бұдан әрі – Стратегия) «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) меншікті активтері есебінен сатып алу рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін, инвестициялау лимиттерін, меншікті активтерге қатысты инвестициялық қызметтің талаптары мен шектеулерін айқындауға арналған.

1.2. Қордың меншікті активтерін:

– Қордың меншікті активтерін сенімгерлік басқарушы (бұдан әрі – Сенімгерлік басқарушы): инвестициялық портфельді басқарушы – Қордың меншікті активтерін сенімгерлікпен басқару шартын Қормен жасаған, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде инвестициялық портфельді басқару қызметін Қордың есебінен және мүддесіне орай өз атынан жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы;

- және/немесе Қордың ішкі нормативтік құжаттарымен көзделген тәртіппен Қордың өтімділігін басқару аясында Қор өз бетінше инвестициялайды.

2-тарау. Қордың меншікті активтерін сенімгерлік және/немесе өз бетінше басқару критерийлері

2.1. Қордың меншікті активтерін сенімгерлік басқаруға беру мақсаты – меншікті активтердің сақталуын қамтамасыз ету және осы Стратегияда белгіленген шектеулер аясында кірістілікті арттыру.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 24.04.2026 ж. №5 хаттамасымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ инвестициялық стратегиясына өзгерістерге сәйкес 2.2., 2.3. және 2.7-тармақтарға өзгерістер енгізілді.

2.2. Қордың меншікті активтерін инвестициялауды Сенімгерлік басқарушы Қордың меншікті активтерін сенімгерлік басқару шартына сәйкес жүзеге асырады. **Сенімгерлік басқарушының** Инвестициялық декларация осы Стратегияға негізделеді және Қордың меншікті активтерін сенімгерлік басқару шартының ажырамас бөлігі.

Сенімгерлік басқарушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптарды қалыптастыруды және сақтауды қамтамасыз етеді.

2.3. Қордың меншікті активтерін басқару тиімділігін айқындау мақсатында Қордың меншікті активтерін сенімгерлік басқарудың инвестициялық ауқымы – 1 (бір) қаржы жылы (есепті қаржы жылының 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейін).

Қордың меншікті активтерін сенімгерлік басқару шартына қол қою күні есепті қаржы жылы басталған күнге сәйкес келмеген жағдайда, инвестициялық ауқымның басталуы Қордың меншікті активтерін сенімгерлік басқаруға беру күніне сәйкес келеді.

2.4. Меншікті активтер есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфель үшін, сондай-ақ Қордың меншікті активтерін сенімгерлік басқарудың кірістілігін бағалау мақсаттары үшін базалық валюта – қазақстандық теңге.

2.5. Қордың меншікті активтері сенімгерлік басқаруға тек ақшалай қаражатпен беріледі.

2.6. Қордың меншікті активтері есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфельді әртараптандыру Қор портфелінің өлшемдеріне сәйкес активтерді әрбір Сенімгерлік басқарушы бойынша жеке бөлу арқылы жүзеге асырылады.

2.7. Шоттардағы ақша қалдығының мөлшері сенімгерлік басқаруға берілген меншікті активтер мөлшерінің 3 (үш) пайызынан аспайды. Бұл лимиттен 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге асыруға рұқсат етіледі.

Осы тармақтың ережелері Сенімгерлік басқарушының инвестициялық декларацияда белгіленген нысаналы параметрлерге сәйкес инвестициялық портфельді қалыптастыру кезеңіне қолданылмайды. Бұл ретте инвестициялық портфельді қалыптастыру мерзімі Қордың меншікті

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ инвестициялық стратегиясы	3-бет 6-дан
---	---	----------------

активтерін сенімгерлік басқарушыға берген сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспауы тиіс.

2.8. Осы Стратегияда көзделген қаржы құралдарының түрлері бойынша инвестициялаудың ең жоғарғы лимиті әрбір Сенімгерлік басқарушы бойынша Қордың сенімгерлік басқаруға берілетін меншікті активтерінің мөлшерінен жеке белгіленеді.

2.9. Осы Стратегияның мақсаттары үшін «Standard & Poor's», «Moody's Investors Service» және «Fitch» агенттіктерінің, олардың еншілес рейтинг ұйымдарының, сондай-ақ рейтинг бағаларын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен көзделген тәртіппен пруденциалдық реттеу мақсаттары үшін қаржы нарығын реттеу және дамыту бойынша уәкілетті орган қабылдаған рейтинг агенттіктерінің (бұдан әрі – рейтинг агенттіктері) рейтинг бағалары танылады.

2.10-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 24.04.2026 ж. №5 хаттамасымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ инвестициялық стратегиясына өзгерістерге сәйкес редакцияда жазылды.

2.10. Қор активтері төмендегі қаржы құралдарына және олармен жасалатын операцияларға теңгемен инвестицияланады:

- жергілікті атқарушы органдар шығарған бағалы қағаздарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағалы қағаздары;

- «Standard & Poor`s» агенттігінің халықаралық шәкіл бойынша «BB+» деңгейінен төмен емес ұзақ мерзімді кредит рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарының (ХҚҰ) бағалы қағаздары;

- «Қазақстан қор биржасы» АҚ қағидасына сәйкес қалыптастырылған «Мемлекеттік бағалы қағаздар» себетімен орталық контрагент қызметтерін пайдалану арқылы кері Репо операциялары;

- «Standard & Poor`s» агенттігінің халықаралық шәкіл бойынша бағалы қағаздардың және/немесе эмитенттің «BB-» деңгейінен төмен емес рейтинг бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік секторы субъектілерінің борыштық бағалы қағаздары.

Осы Стратегияда белгіленген қаржы құралдары мен операциялардың тізбесі, сондай-ақ инвестициялау лимиттері осы Стратегияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы өзгертілуі мүмкін.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 24.04.2026 ж. №5 хаттамасымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ инвестициялық стратегиясына өзгерістерге сәйкес 1 және 2-кестелерге өзгерістер енгізілді.

3-тарау. Қордың инвестициялық портфелінің өлшемдері

1-кесте. Қордың меншікті активтерін инвестициялау лимиттері:

№ р/р	Қаржы құралының түрі	Меншікті активтерден % -бен ең жоғарғы лимит**
1	Жергілікті атқарушы органдар шығарған бағалы қағаздарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағалы қағаздары	100%
2	Инвестициялау сәтінде ең төменгі деңгейі Қазақстан Республикасының өзекті ең төменгі тәуелсіз кредит рейтингінен біреуден артық емес нотч* төмен болуы мүмкін рейтинг агенттіктерінің бірінен кредит рейтингі бар	10%

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ инвестициялық стратегиясы	4-бет 6-дан
---	---	----------------

	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік бағалы қағаздары	
3	«Standard & Poor`s» агенттігінің халықаралық шәкіл бойынша «BB+» деңгейінен төмен емес ұзақ мерзімді кредит рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарының (ХҚҰ) бағалы қағаздары	30%
4	«Қазақстан қор биржасы» АҚ қағидасына сәйкес және Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарының кепілімен жүзеге асырылатын биржадан тыс нарықта қалыптастырылған «Мемлекеттік бағалы қағаздар» себетімен орталық контрагент қызметтерін пайдалану арқылы кері Репо операциялары	50%

* өз бетінше басқару кезінде / әрбір Сенімгерлік басқарушы бойынша жеке сенімгерлік басқаруға берілген Қордың меншікті активтері.

2-кесте. Инвестициялаудың басқа лимиттері

№ р-р	Лимиттер	Инвестициялау лимиттері (%-бен)***
1	Эмиссияға лимит (Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын қоспағанда, эмитенттің осы шығарылымының борыштық бағалы қағаздарының жалпы санынан %-бен)	Қордың өз бетінше басқаруы кезінде: осы шығарылым эмиссиясынан 10%; Қордың меншікті активтерін сенімгерлік басқару кезінде: - Standard & Poor`s агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB+» деңгейінен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары бағалы қағаздарының осы шығарылым эмиссиясынан 10%, бірақ әрбір Сенімгерлік басқарушы бойынша бөлек сенімгерлік басқаруға берілген Қордың меншікті активтерінің 10%-ынан артық емес; - Standard & Poor`s агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша бағалы қағаздардың және/немесе эмитенттің рейтинг бағасы «BBB-» деңгейінен төмен емес немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік секторы субъектілерінің борыштық бағалы қағаздарының осы шығарылым эмиссиясынан 5%, бірақ әрбір Сенімгерлік басқарушы бойынша бөлек сенімгерлік басқаруға берілген Қордың меншікті активтерінің 10%-ынан артық емес;

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ инвестициялық стратегиясы	5-бет 6-дан
---	---	----------------

		<p>- Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша бағалы қағаздардың және/немесе эмитенттің рейтинг бағасы «BB-» деңгейінен төмен емес немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік секторы субъектілерінің борыштық бағалы қағаздарының осы шығарылым эмиссиясынан 2,5%, бірақ әрбір Сенімгерлік басқарушы бойынша бөлек сенімгерлік басқаруға берілген Қордың меншікті активтерінің 10%-ынан артық емес.</p>
2	<p>Бір эмитенттің қаржы құралдарына инвестициялау лимиті (Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын қоспағанда)</p>	<p>Қордың өз бетінше басқаруы кезінде: эмитенттің меншікті капиталы мөлшерінен 10%; Қордың меншікті активтерін сенімгерлік басқару кезінде: эмитенттің меншікті капиталы мөлшерінен 10%, бірақ әрбір Сенімгерлік басқарушы бойынша бөлек сенімгерлік басқаруға берілген Қордың меншікті активтерінің 10%-ынан артық емес.</p>

** 1-кестеде көрсетілген Қордың меншікті активтерін инвестициялау лимиттерін сақтау ескерілген.

Басқарма Төрағасы

Курманов Ж.Б.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ инвестициялық стратегиясы	6-бет 6-дан
---	---	----------------

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ
инвестициялық стратегиясын
келісу парағы**

Лауазым атауы	Атының инициалы, тегі	Қолы	Ескерту
Басқарушы директор	А. Мухатов		
Бухгалтерлік есепке алу департаментінің директоры	А. Сарина		
Заң департаментінің директоры	Н. Бактыбаев		
Тәуекел-менеджмент департаментінің директоры	Э. Талаева		
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс басқармасының бастығы	А. Жукенова		

Осы арқылы қағаз тасымалдағыштағы туынды құжаттың электрондық нұсқада келісілген құжатқа сәйкес екенін растаймыз.

Әзірлеуші:

Инвестициялық портфельді сараптау
басқармасы бастығының м.о.

(қолы)

Шаяхмет Д.Т.